

ДӘЙКӨСӨЗ

Қанат ӘЛМАҒАМБЕТОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ БАСҚАРМА
ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ:

ТЕМІРЖОЛ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕ ДЕ ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТҚАН ЕМЕС. БҰЛ ДЕ-ГЕНІМІЗ - ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІ ЕЛ ІШІНДЕ ДЕ, ЭКСПОРТҚА ДА ЖҰК ТАСЫМАЛДАУДА ЕҢ ҚАУІПСІЗ КӨЛІК ТҮРІ ЕКЕНІН ДӘЛЕЛДЕДІ. БҰЛ РЕТТЕ, БІЗ ҮШІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЖӘНЕ ӨНДІРІСКЕ ЕШ ЗИЯН КЕЛТІР-МЕЙ, ОЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАП, ҚОЛАЙЛЫ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫН ЖАСАУ БАСТЫ МІН-ДЕТІМІЗ БОЛЫП ҚАЛА БЕРМЕК

АҚПАРАТ

ЖАҢА ЕРЕЖЕЛЕР ҰСЫНДЫ

Елімізге коронавирус індетінің салып жатқан ылаңы тоқтамай тұр. «COVID-19» індетіне шалдыққан науқастардың жалпы саны соңғы аптада күрт артқан. Демек, босаңсуға жол жоқ деген сөз.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жолаушыларға вокзал және пойыздарда респираторлық инфекциядан сақтанудың жаңа ережелерін ұсынып отыр. Ең алдымен, пойызға билетті онлайн режимінде сатып алу арқылы кассаларда аз байланыс орнатуға тырысқан жөн. Ал касса арқылы алған жағдайда адамдармен арақашықтықты сақтап, құшақтау мен қол алысуды шектеу керек. Бұған қоса, жеке гигиена құралдары, антисептиктер, маскалар, дезинфекциялық майлықтар бүгінде әр адамның қол сөмкесінде жүруі қажеттілік. «Сөмкеңізге алғашқы медициналық қобдишаны салып алғанның артықтығы жоқ, яғни коронавирустық инфекция белгілері болған жағдайда, қызу түсіретін дәрі-дәрмектерді болғаны дұрыс. Сондай-ақ, медициналық сақтандырудың көшірмесін жасап алыңыз. Ал теміржол вокзалына барар жолда мүмкіндігінше қоғамдық көліктен гөрі таксимен жетіп алған, жолжүкті басқа да заттармен жанаспау үшін целлофанмен ораған жөн. Ал пойызға отыру және сапар кезінде келесі талаптарды бұлжытпай орындағандардың ұтары көп. Айталық, құжаттарды жолсерік тексергеннен кейін оларды антисептипен өңдеу, маска мен қолғапты үнемі киіп жүру, тіпті алыс жолға шыққан пойыздарда да оларды екі сағат сайын ауыстырып отыру басты талаптар қатарынан болса, вокзал маңындағы станцияларда тамақ сатып алмау, сізбен бағыты бір адамдардан азық-түлік қабылдау жеке басыңыздың қауіпсіздігін арттырады. Соңдықтан да ұзақ жолға шықсаңыз, өзіңізбен бірге қажетті мөлшерде тамақ алып шыққан абзал болмақ. Пойызда гигиенаны екі есе сақтау керек, ыдыс-аяқты өңдеп, гаджеттерді дезинфекциялап, күпені мүмкіндігінше әр сағат сайын желдеткен дұрыс. Ал күнделік шыққан кезде маска кию, жол жүру барысында вагондарды аралап немесе вагон ішінде мейлінше жүрмеу, егер қасыңыздағы көршіңізден коронавирустық инфекцияның белгілері болса, масканы шешпеу немесе жолсеріктен сізді басқа орынға ауыстыруға өтініш жасау сияқты іс-әрекеттер жасаған дұрыс. Сондай-ақ, пойыздан түсіп, диттеген жеріңізге жеткен кезде бірден жуынып, киіміңізді ауыстырып, оны жуу керек. Жалпы, сақтық салтқа енгені жөн», деп ескерттеді денсаулық сақшылары.

Ислам ТАЛҒАТ

СЕРВИС



ТИІМДІ ЖОБА ТАЛАС ТУДЫРМАЙДЫ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясына қарасты А-82 көшесінде орналасқан «Нұрлы жол» теміржол вокзалы кешенінде елордадағы екінші мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығы ашылды. 10 қазан күні Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов бастаған шенділер жаңа орталықтың жұмысымен танысты.

Сұлугүл БАКЕСОВА

Тиімді жоба қашан да талас тудырмайды. Қолайлы да ыңғайлы жерде орналасқан жаңа мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығы автокөлік иелеріне мемлекеттік қызметтерді алуы жеңілдетіп қана қоймайды, бұл жаңа МамХҚО қала сыртындағы бұрынғы орталықтың жүктемесін едәуір жеңілдетері сөзсіз. Яғни, бірінші МамХҚО жүктемесінің 60%-ы осы «Нұрлы жолдағы» орталыққа ауыстырылмақ. Вокзал кешенінің бірінші қабатында орналасқан орталыққа келуші клиенттер тексерістен өтіп кіреді. Бұл стратегиялық ғимараттағы талап, азаматтардың жекебас қауіпсіздігі үшін де тиімді. Жаңа мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының жалпы аумағы 790 шаршы метр, онда автокөліктерді қайта тіркеуге арналған – 23, жүргізуші куәліктерін ауыстыратын – 3, сондай-ақ, бір-бірден көтерме және жеңілдік терезелері бар. Қуу залы, дайын құжаттарды беруге арналған,

басқа да қызметтерді, атап айтқанда, нотариус, банк қызметі, сақтандыру компаниясы, тағысын тағы қызметтерді жүзеге асыруға арналған орындар бар. Сонымен қатар ҚР Ішкі істер министрлігі базасына апаратын анықтама алуға арналған терезе жұмыс істейді. Яғни, бүкіл шаруаны орталықтан шықпай-ақ тындыруға болады. Сырттағы көлік қоюға арналған тұрақты аумағы – 70 мың шаршы метр. Атап өтерлігі, үлкен кезек тудырмау үшін сенімді электрондық жүйе жұмыс істейтін болады. Ал қуу залындағы орындар еліміздегі қазіргі коронавирустық індет жағдайына ескере отырып, адамдардың ара қашықтықты сақтау ретімен орналасқан. «Бұрынғы орталық күніне екі мыңға жуық адамға қызмет көрсететін. Ал коронавирус пандемиясы жағдайында осыншама көп адамның бір ғимаратта жиналуы қауіпті, сондықтан да екінші МамХҚО-ны ашу туралы шешім қабылданды», – дейді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының басқарма төрайымы Әсемгүл Балташева.

Жаңа жиһаздармен және жабдықтармен жабдықталған орталықтың жұмысымен танысқан қонақтарға жер және жылжымайтын мүлік қызметтерін оңтайландыруға және автоматтандыруға мүмкіндік беретін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік қадастры мен iQala жүйесін енгізу туралы ақпарат берілді. Жалпы, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің стратегиялық міндеті – азаматтарға мемлекеттік қызметтерді алу кезінде, әсіресе, оларды онлайн форматқа ауыстыру арқылы қолайлы жағдай жасау болып отыр. Атап өтерлігі, COVID-19 пандемиясы кезінде қазақстандықтар цифрлық жаңашылдықтарды белсенді қолдана бастаған. Қазіргі уақытта мобильді азаматтар базасында 9,5 млн қазақстандық тіркелген, eGovmobile мобильдік қосымшасын 3,3 млн азамат жүктенген. Жыл басынан бері автоорталықта 144 мыңнан астам автокөлік қайта тіркеуден өткізіліп, 42 мыңнан астам азаматқа жүргізуші куәлігі берілген.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

РЕГИОН

ПЛАН ВЫПОЛНИЛИ

По итогам сентября Костанайское отделение грузовых перевозок выполнило план погрузки зерна, продуктов перемола и цветной руды.



ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ

ҚАЖЕТТІ КӨМІРМЕН ҚАМТЫЛУДА

Жолаушылар тасымалы қайта жанданғалы вагондарға қызмет көрсету саласының жұмысы қыза түскен. Сала мамандары жолаушылардың қол бойы жылумен, сумен қамтылып, жайлы вагонда сапалы қызмет алуы үшін аянбай тер төгуде. Қазір барлық жерде қыстың қамы – бірінші кезекте.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау

Маңғыстау өңірінде әлі жылу беру маусымы бастала қоймаса да түбектен жолға шығатын жолаушылар вагондары көмірмен қамтамасыз етіліп отыр. Қазір өткен жылдан қалған қор есебінен қажет өтелуде. Маңғыстау

станциясындағы қордың мөлшері 79 тонна болатын. Биылғы маусымға керекті көмірге тапсырыс берілген, алғашқы легі жетіп те үлгерді.

– Бізде жылыту маусымы 15 қазаннан басталады. Дегенмен оған қарап отырмай пойыздар баратын өңірлердің ауа температурасы төмендеуіне байланысты көмір берілуде. Қазірге Бейнеуе екі вагон

По итогам сентября текущего года в филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» погружено 43 390 вагонов (2 миллиона 919,2 тысячи тонн). В среднем в сутки на станциях региона отгружалось 1446 вагонов (97,3 тысячи тонн). По сравнению с сентябрем 2019 года погрузка увеличилась на 14%, или на 370 тысяч тонн.

Как сообщил заместитель директора по логистике Костанайского отделения ГП Ерден Аманов, продуктов перемола погружено 1 831 вагон (122 тысяч тонн). По сравнению с аналогичным периодом прошлого года погрузка продуктов перемола возросла на 41,6 тысячи тонн, или на 52%.

Благодаря отлаженному производственному процессу с грузоотправителями зерна в сентябре на станциях Костанайского региона удалось отгрузить 3 267 вагонов, или 223,8 тысячи тонн. В сравнении с аналогичным периодом прошлого года сентябрьская погрузка зерна возросла на 48%, или на 73 тысячи тонн.

Цветной руды за месяц погружено 9 449 (653 тысячи тонн). К аналогичному периоду 2019 года погрузка увеличена на 49 тысяч тонн, или на 8%.

Аслан КУДАБАЕВ, Костанай
Фото автора

НОВОСТИ

ГРУЗОВ ИЗ ЕВРОПЫ СТАЛО БОЛЬШЕ

С начала года перевозка грузовых контейнеров из Европы в Китай через территорию Казахстана выросла до 109,6 тысячи ДФЭ, что на 90% больше, чем за аналогичный период прошлого года.

Об этом в ходе онлайн-брифинга сообщил генеральный директор совместного предприятия АО «НК «ҚТЖ», ОАО «РЖД» и ГО «БЖД» – АО «Объединенная транспортно-логистическая компания – Евразийский железнодорожный альянс» Алексей Гром.

При этом в январе-сентябре из Китая проследовало 248,2 тысячи ДФЭ грузовых контейнеров, рост – на 89%.

Всего с начала года на сервисах ОТЛК ЕРА проследовало свыше 4 000 поездов, или 384,4 тысячи ДФЭ. В сентябре объем перевозок составил 50,6 тысячи ДФЭ, демонстрируя рост к отчетному периоду прошлого года на 63%.

– Совместно с акционерами мы устанавливаем новые стандарты по перевозке контейнеров по инфраструктуре 1520: это технологические и технические стандарты, такие как длина поездов, их наполненность грузными и порожними контейнерами. Эта кооперация также проходит вместе с нашими партнерами на европейском пространстве 1435 миллиметров, – отметил Алексей Гром. – Несмотря на все сложности, нам хватило инфраструктуры, мы создали запас прочности для дальнейшего роста.

Любовь РОББА

ПОЕЗДА В СТОЛИЦУ – КАЖДЫЙ ДЕНЬ

С 1 ноября АО «Пассажиры перевозок» увеличит периодичность курсирования пассажирских поездов из столицы в Алматы и Усть-Каменогорск.

В пресс-службе национального перевозчика сообщили, что на ежедневное курсирование будет переведен поезд №4/3 Нур-Султан-Нурлы жол – Алматы-2 отправление с столичного вокзала «Нурлы жол» с 1 ноября и со станции Алматы-2 – 2 ноября, а также поезд №68/67 Нур-Султан-Нурлы жол – Оскемен-1. Из столицы состав отправится 1 ноября, а из Оскемена-1 – на следующий день.

Информацию по графику движения пассажирских поездов можно получить по номеру справочной службы 105.

В АО «Пассажиры перевозок» напомнили о необходимости строгого соблюдения санитарно-карантинных требований, социальной дистанции, масочного режима на территории вокзала и внутри поезда.

Роман ЛЮБИМОВ

БҮГІНГІ САН

БИЫЛ ТОҒЫЗ АЙ ІШІНДЕ

187 млн тонна

ЖҰК ТИЕЛГЕН.

де, су да жеткілікті болмақ. Суды «Теміржолсу» мекемесінен аламыз. Вагондарға айына орта есеппен 1500 текшеметр су кетеді, – дейді «Вагон-сервис» АҚ Маңғыстау телімінің бастығы Нұржан Жұбанисов.

Сондай-ақ, оның айтуынша жолаушылар тасымалы қайта басталғалы ТО-1 жөндеу орынындағы жұмыс арта түскен көрінеді. Бұл жөндеу орынында Нұр-Сұлтан бағытында қатынайтын – 6, Алматыға жолға шығатын 10-11, Атырау бағытында жүретін 6-7 вагонның күнделікті күтімі жасалып жатса, вагондарды қысқа дайындайтын ТО-2 қызмет көрсету түрі бойынша осыған дейін 53 вагон жөндеуден шыққан. Тағы 15 вагон жорпарда бар. Ал ТО-3 бойынша қыркүйек айында 47 вагон жөндеген. Осы айда тағы 26 вагонның шығуы күтілуде. 6 қазанға дейін соның төртеуіне қажет қызмет көрсетілген. Қорыта айтқанда, түбектен шығатын жолаушы құрамдары қысқа сақадай сай деуге болады.

Суретті түсірген автор



көмір түсірілді. Үстіміздегі айдың ішінде тағы екеуі жеткізілуі керек. Келесі айға 3, қарашаға 4, желтоқсан айына да 4 вагонға, Маңғыстау станциясына биылғы жыл үшін жалпы 11 вагонға тапсырыс берілген. Вагондардың әрқайсысы 69 тоннадан. Былтырғыдан ауысқан

көміріміз де бар, жаңадан алынатыны, барлығын қосқанда қыстан шығамыз деп отырмыз. Өткен жылы №309-310 пойызы жекеменшікке кетуіне байланысты көмір артық қалған еді, әзірге соны пайдаланып жатырмыз. Жалпы, биылға бәрін жоспарлап өлшеп қойдық. Көмір

ЖАҢАЛЫҚТАР

МАҢҒЫСТАУ ДИСПЕТЧЕРЛЕРІ – АҚТӨБЕДЕ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ – Магистральдық желі бөлімшесінің «Пойыздар қозғалысын басқару орталығы» трансформация жобасы бойынша Ақтөбеге қоныс аударғандар қатары маңғыстаулық диспетчерлер толықтырды.

Оларды Ақтөбе жүк тасымалы және магистральдық желі бөлімшесінің басшылары вокзалдан күтіп алып, қоңақжайлық көрсетті. Вокзал ғимаратында өткен шағын кездесуде тілектер жауып, үлкен жобаның міндеттері айтылды.

«Бүгінгі мүмкіндіктер дамудың жаңа кезеңіне жол ашты. Компаниямыз бұл жолда көптеген бастамаларды қолға алғанын білесіздер. Цифрлық трансформация технологияға ғана емес, мамандарға да қатысты. Жаңа технологиялар кезеңінде бұл заман талабы деп түсіну керек. Тың технологияларды меңгеру үшін теміржолшыларды да оқыту жұмысына көп көңіл бөліп отыр. Биыл Ақтөбеден ашылған жаңа орталық үлкен автоматтандыру жүйесіне қол жеткізеді. Мұнда батыс аймақтағы білікті кадрлар қызмет ететін болады. Киелі Маңғыстау елінен келген қадамдарыңыз құтты болсын! Сіздерге жайлы жағдай жасау – біздің міндетіміз. Барлық көмек көрсетіледі», – деді Ақтөбе жүк тасымалы бөлімі басшысы Бөріхан Беркімбаев.

Бөріхан Сматуллаулы автоматтандырылған жобаны толықтай іске қосу жұмыстарын ұйымдастыру үшін бір жылдай дайындық жұмыстары жүргенін айтты. Орталыққа қажетті жабдықтау алынған. Қазіргі таңда Орал, Атырау бөлімшелері толық көшіп болған. Енді кесте бойынша Маңғыстау диспетчерлерін көшіру, орналастыру жұмыстары біткен соң Қызылорда бөлімшесі келеді. Жыл соңына дейін батыс аймақтағы барлық пойыздар қозғалысын бір орталықтан бақылау мүмкіндігіне қол жеткізілетін болады.

Маңғыстаулық теміржолшылар салада 22 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі аға диспетчер Бауыржан Мырзабаев бастап келген. «Құрмет көрсетіп жатқан ақтөбеліктерге алғыс айтамын. Бүгінгі күні Маңғыстау өңірінен 10 адам келіп отырмыз. Жаңа орталыққа бізден барлығы 15 диспетчер келуі керек. Екінші топ артымыздан келеді. Диспетчерлердің бәрі де он жылдың үстінде еңбек етіп бар тәжірибелі мамандар», – деді Бауыржан Мырзабаев.

Батыс өңірінен бастау алған «Пойыздар қозғалысын басқару орталығы» жобасы арқасында Ақтөбе, Орал, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда шекарасында орналасқан теміржол учаскелері енді осы орталықтан басқарылады. Бүгінде орталық штатында барлығы 250 маман бар. Оның 120-сы – пойыз диспетчері.

*Ардақ ЕРҰБАЕВА, Ақтөбе
Суретті түсірген автор*

ҚЫСТАН ҚЫСЫЛМАЙДЫ

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіне қарасты электрмен жабдықтау дистанциясында қыс маусымына әзірлік шаралары тығыздықпен атқарылууда. Вагон-зертханалармен 746 км тоққабылдағышы жоғары байланыс желісінің параметрлері тексерілген. Енді түйіспелі сымдарды механикалық тазалау жұмыстары жүргізілуде. Өзге де қондырғылардың қысқы маусымға іс-әрекеттерін дайындау шаралары өз деңгейінде атқарылууда. Қазандықтар ахуалы жақсы деуге келеді. Биыл ешқандай жөндеу жұмыстары жасалма-са да қазандықтың асай-мүйейлері түгенделіп, жұмыс істеу режимі нығайтылған. Автокөліктер әзірлігіне де сын жоқ, 18 техниканың 16-сы жұмысқа жегілуде дайын, қалғаны жөнделу үстінде екен. Ал 30 мың литрге жуық қажетті жанар-жағармайдың жартысына жуығы жеткізілгенімен, 138 тонна түсірілуі тиіс тұрмыстық көмірдің бірде-бір түйірі әкелінбепті.

Дистанция басшысы Марат Ақшолақовтың айтуынша, биыл жұмысқа кірген 4 жас маман қыс маусымында жұмыс істеуге арнайы оқытылып, білікті мамандарға бекітіліп берілген. Теміржолшылардың арнайы киімі жеткізілген, 95 жылы күртеше, 111 тоқымалы баскиім алынған. 23 қайыс бәтеңке, 23 қолғап, 30 шақты жылы етік те бүгінде қоймаға түскен. «Қысқасы, қыстан қысылаудың барлық қамы жасалып жатыр» дейді мекеме басшысы.

Ахшат РАЙҚҰЛ, Жамбыл

ҚАРАУСЫЗ МАЛ ҚАУІПТІ

Биылғы жылғы тоғыз ай ішінде Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі бойынша теміржолда 10 мал басы дерегі тіркелді. Соның бөсеуінде ғана мал иесі табылып, оларға 5 АЕК көлемінде айыппұл салынған.

Әрине, кімдікі екені анықталмағандары да иесіз мал емес екені белгілі. Ендеше, тұрғындардың қауіпті біле тұра әлі күнге малды теміржол маңына бос жіберіп, жауапкершіліктен жалтару себебі неде?

– Пойыздың алдына шыққан бір малдың кесірінен жол қозғалысына қаншама зиян болады. Жол қозғалысына қауіп туындап, тепловозға зақым келуі, артық жанармай шығындылауы, пойыздардың уақытынан кешігуі сияқты артық шығынға ұшырататын жағдайлар кездесуі мүмкін. Осыны халық түсініп, теміржолға жақын ауылдарда мал шаруашылығымен айналысушылар қажетті шараларды қолданса дейміз. Бұл туралы тұрғындарға айтудай-ақ айтып келеміз. Дегенмен, нәтиже – мынау. Мал басылған жағдайда бағусыз малдардың құлағында ен-таңбасы болмағандықтан оның кімдікі екенін анықтау қиындық туғызады. Кей кездері иесі белгісіз күйде қалып кетеді, – дейді Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің жетекші инженері Нұржан Мүсірханов.

Еске сала кетейік, Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі бойынша басты жол ұзындығы 1115,2 км құраса, қазір соның 478,3 км малға қарсы қоршаумен қоршалған. Осы жылы 78 км жаңа қоршау тұрғызу жоспарланған. Үш тоқсан қорытындысы бойынша соның 62 км орындалған.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау

КҮЗГІ СЫН

ЛАЙЫҚТЫ БАҒАСЫН АЛДЫ

Өткен аптаның жұма күні Семей ЖТ бөлімшесінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің атқарушы директоры Марат Шөкеновтің төрағалығымен күзгі комиссиялық тексеру бойынша қорытынды жиын болып өтті. Оған бөлімшеге қарасты мекемелер мен бөлімдер басшылары жиналды.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей**

Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің басшысы қазанның 5-9 аралығында бөлімше бойынша барлық тораптық станцияларды, телімдерді аралап, алдағы қысқа даярлық бойынша соңғы қорытынды тексеру жүргізген болатын.

Теміржолшылар алдында сөз алған Марат Арапбекұлы тексеру жұмыстары барысында анықталған бірқатар мәселелер жайында сөз етті. Әсіресе, жекелеген шаруашылықтар бойынша жіберілген оқлықтарға тоқталып, кемшіліктерді жоюға аз ғана уақыт берілетінін жеткізді. Осыған дейін Аягөз, Защита станцияларында болып, жергілікті теміржолшылармен жүздескен, олардың қызмет барысын бақылаған лауазымды тұлға осы сапары барысында аталмыш телімдер бойынша бірқатар мәселелерді түйіп қайтқанын



жеткізді. Сонымен қатар теміржол бойындағы шаруашылықтар бойынша жекелей тоқталып, талдау жасады.

Сөз қорытындысында Марат Арапбекұлы жалпы жаз бойғы атқарылған жұмыстарға «қанағат-танарлық» деген баға беретінін, алайда, жергілікті теміржолшылар орын алған барлық кемшіліктерді уақыт ұзатпай қазан айының 15-не дейін толықтырар болса, «жақсы» деген баға беретінін жеткізіп өтті.

танарлық» деген баға беретінін, алайда, жергілікті теміржолшылар орын алған барлық кемшіліктерді уақыт ұзатпай қазан айының 15-не дейін толықтырар болса, «жақсы» деген баға беретінін жеткізіп өтті.

СҰХБАТ

БАЙҚАУ – ҚЫРАҒЫЛЫҚТЫ АРТТЫРАДЫ

Бөлімшенің оңтүстігінде Түркістан мен солтүстігінде Сексеуіл-Қоскөл станциялары арасындағы ұланғайыр атырапта жолаушылар мен жүк пойыздарының жылжымалы құрамдарына қызмет көрсететін Қазалы вагон пайдалану депосының бастығы Арғын Орымбаевпен сұхбатымызды оқырман назарына ұсынамыз.



Айта кетейік, Қазалы вагон пайдалану депосы – Қызылорда ЖТ бөлімшесі бойынша аймақтағы вагон шаруашылығының бары мен жоғын түгендейтін жалғыз мекеме. Даңқты тарихы бар байырғы депо теміржолшылары талай жылдан бері пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігінің бузылуына жол бермей, өздеріне бекітілген тапсырмаларды мінсіз атқарып келеді. Компания мен бөлімше басшылығы жүктеген міндеттемелерді кәсіби дәрежеде атқарып, бірнеше рет салалық жарыс жеңімпазы атанған аймақтағы үздік ұжымның бірі.

– **Арғын Қайырбайұлы, бөлімшедегі бірден-бір вагон пайдалану депосының жұмысы қалай үйлестіріледі? Арашақтықтың тым ұзақтығы жұмыс процесіне кері әсер етпей ме?**
– Қазалы вагон пайдалану депосы – сыр өңірінен өтетін барлық теміржол көліктері мен олардың вагондарына техникалық қызмет көрсетуге негізделген мекеме. Депо жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында Түркістан мен Қоскөл станциялары арасында пойыз вагондарын технологиялық талап деңгейінде бақылап, тексеруден өткізетін бірнеше пункт бар. Мәселен, Қызылорда мен Сексеуіл бекетінде пойыздарға техникалық қызмет көрсету тірек пункті, Шиелі мен Қазалыда техникалық қызмет көрсету пункті, Жосалыда техникалық қызметті бақылау пункті, Төртата, Арал теңізі мен Белкөл станцияларында вагондарды техникалық тапсыру мен дайындау посттары, осыларға қосымша бөлімшенің өзге бекеттерінде 24 бақылау посты орналасқан. Міне, біздің теміржолшылар осы аталған бақылау-тексеру қосындыларында күндіз-түні ауысыммен еңбек етіп, аймақта пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуына қызмет етіп келеді. Жалпы депо бойынша жылжымалы құрамдарға қатысты 41 технологиялық процес қарастырылған, оған қоса вагондарға техникалық қызмет көрсету қағидаларына сай жүк тиеу жұмыстары атқарылатын 14 бақылау постында вагон қараушы-жөндеушілеріміз жергілікті нұсқамалар негізінде де жұмыс жасайды. Және де жергілікті нұсқамаға сәйкес УЗОТ-РМ құрылысымен Қызылорда, Қазалы және Сексеуіл бекеттерінде пойыздар керекті аумаған, қосымша қажеттіліктермен қамтамасыз етіліп, сервистік қызмет көрсетіледі. Вагон-

дарды ағымдық ажыратып жөндеу жұмыстары технологиялық процесске сәйкес Қазалы, Сексеуіл, Қызылорда және Жосалы секілді бес бекетте орындалады. Әрине, осындай ауқымды аумақты қамтитын мекеме болған соң жұмыс оңай емес, бірақ «іс тегігін кадр шешеді» деген кеңестен қалған қанатты сөз әлі де маңызды жойған емес, бізде де жоғарыда аталған барлық пунктте сенімді кәсіби мамандарымыз отыр. Сондықтан жұмыс барысында ешқандай қиындық, кедергі жоқ, әсіресе бүгінгідей технологиялық мүмкіндік дамыған шақта қашықтан басқарудың да, жұмыс істеудің де еш қиындығы болмай қалғаны аян.

– **Вагоншылар жылжымалы құрамдарды қарап-тексеру барысында КТСМ құрылғыларының көрсетілуіне сүйенеді, демек бұл вагон қараушылар еңбегін жеңілдетеді деген сөз бе?**

– Қазіргі таңда депо телімдерінде КТСМ-01Д, КТСМ-02 құрылғылары пайдалануға берілді, олардың депо бойынша бірнеше ондығы жұмыс жасайды. Біздің мекеме теміржолшылары КТСМ құрылғылары қолданысқа енгізілгенге дейін де ПОНАБ, КЛУБ секілді құрылғылардың көмегіне жүгінетін. Мәселен, жыл басынан бергі алты айда КТСМ-01Д, КТСМ-02 құрылғыларымен 188261 пойыз тексерілсе, өткен жылдың осы мерзімінде 204091 жылжымалы құрам құрылғының сүзгісінен өткізіліпті. Ал биылғы сегіз айда бір ғана Қызылорда станциясы бойынша 17 пойыз тоқтатылып, тоқтатылу салдары толық дәлелденді.

Ал, жалпы депо бойынша биылғы алты айда 24 пойыз тоқтатылып, олардың тоқтатылу себептері 100 пайызға дәлелденді. Тоқтатылған пойыздардың басым бөлігі, яғни оны тежегіштің ақаулы болуынан, оны вагон буксының қызуынан, 4 пойыз локомотив буксының қызу себебінен тоқтатыла, 1 вагон құрамнан ажыратылған.

Семей ЖТ басшысы Сиязбек Әлішев алдағы уақытта атқарылар іс аз емес екендігін, соның ішінде пойыз қозғалысының қауіпсіздігі мен жолаушы және жүк тасымалы барысында ғана емес, өндірістегі өнімділікті арттыру бойынша да қолға алынар жұмыстар жайында сөз етті. Бұл ретте алға қойылып отырған жоспарлар аясында бірқатар көрсеткіштерді жоғарылатуға күш салу қажеттігіне тоқталды.

Ал Семей магистральдық желі бөлімшесінің басшысы Айдын Шәукеежанов бөлімше бойынша жүргізілген жұмыстар қатарына тоқталды. Соның ішінде алдағы қысқы мезгілдегі теміржол нысандары мен құрылымдарының күтімі, жол машиналарының әзірлігі жайында да тілге тиек етті.

Сонымен қатар жиын барысында бүгінгі Семей теміржолы бойынша орын алып отырған қызмет барысы, ақаулықтардың алдын алу мәселелері жайында бөлімше бойынша бас ревизор Темірбек Ақшалов арнайы баяндама жасады.

Қорыта айтсақ, өткен қыркүйек айының 14 мен 30 аралығында өткен күзгі комиссиялық тексеру барысы бөлімше құрылымдарының қатал қысқа толықтай дайын екендігін көрсетіп берді. Кемшіліктер тез арада жойылу белгіленді.

Суретті түсірген автор

КӨКЕЙКЕСТІ

ЖЫЛУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ШЕШІМІН ТАПҚАН

Алдағы 2020-2021 жылдардың қыс маусымына ерте бастан кіріскен «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарының бірі «Теміржолсу» АҚ қазандық шаруашылықтары мен кадрларды суық түспей сақдай сай дайындық сапына келтірді.

Сұлғұл БАКЕСОВА

Қыс шанасын жаз сайлап үйренген мекеме барлық қазандық шаруашылықтарына жабдықтарының тозу деңгейіне қарай жөндеу жұмыстарын жүргізіп, жылу жүйелері жуылып, гидравликалық тексеру сынақтарынан өткен. Сумен жабдықтау және жылу жүйесімен қамтамасыз ету қызметіне жауапты мекеме тұтынушылармен нысандардың ішкі жылу жүйелерінің дайындығына қатысты жұмыстар жүргізіп, жылу тасраларының жылууды оқшаулағыштарын анағұрлым жетілдірілген оқшаулағыш материалдармен алмастырған, әлбетте, бұл материалдар жылууды сыртқа жібермей сақтап қалып, көп шығынды алдын алады екен. Сонымен қатар теміржолшылар арасында «бірінші қыстаушылар» деп аталатын, яғни биыл бірінші рет қыс мезгілінде жұмыс істеп жүзгірибеден өткелі отырған 68 қызметкерге қатал маусымда жұмыс істеудің қыр-сыры үйретіліп, оқытылған.

Сондай-ақ, техникалық қажеттіліктер үшін отын жеткізуге, яғни 17052,6 тон-

на көмір және 2034,069 мың текше м³ көгілдір отын жеткізуге келісімшарт жасалған. Осы ретте, отын жеткізілімінде минималды 45 тәуліктік отын қорының сақталып отырғанын атауға болады. Қысқасы, қыс маусымына дайындық жұмыстары толық көлемде орындалып, қазандықтар бұл күнде түгел іске қосылған. Жұмысшылар қысқы арнайы киіммен және аяқ киімімен қамтамасыз етілген.

«Теміржолсу» АҚ бас директорының өндіріс бойынша орынбасары Еркем Искаковтан алған деректерге сүйенсек, мекеме алдағы қыс маусымына сумен жабдықтау нысандарын дайындау барысында ауқымды шаруалардың басын қайырған. Мәселен, 189 су өткізетін насостық станция, 137 су мұнарасы, 790,0166 км су өткізу желілері, 58 кәріздік насостық станция, 48 нысандағы қазандықтар, 450 өшіру клананы дайындалып, 49,413 км жылу тасраласы тазаланып, гидравликалық сынақтан өтсе, Қарағанды-Сұрыптау, Мойынты, Ақжайық станцияларындағы қазандықтар жанаңсына алмастырылып, ал Жосалы станциясындағы бұрын-

көмірмен жағылып келген қазандық көгілдір отынға көшірілген. Сонымен қатар 30 нысан ғимарат жөндеуден өтіп, жұмысшыларға 15768 жиынтық арнайы киім сатып алынған.

«Теміржолсу» АҚ жұмысы сумен және жылумен жабдықтау шаруашымен шектеліп қалмай, теміржол кәсіпорындары жоғарылағандықтан жылу жүйелерін бойынша да ауқымды жұмыстарды атқарған. Мәселен, биыл Достық станциясындағы 58 көпәтерілі үйдің ішкі жертелесіндегі инженерлік желілерге күрделі жөндеу жүргізіліп, 78 көпәтерілі үйдің жылу жүйелері тазаланып, опрессовкадан өткен. Шұбаркөл станциясы бойынша атқарылған күрделі жұмыстың бірі, жерасты суының деңгейі жоғарылағандықтан жылу жүйелерін жер үстіне шығара отырып, сәйкессізше жылуудың сақталуы қамтамасыз етілген. Бұл жұмыс жалпы ұзындығы 1510 метрді құрайтын жылу тасраласында жүргізілген. Семей магистральдық желі бөлімшесіне қарасты разьеде суды тасып әкелу мәселесін біржолата жою мақсатында ұзындығы 960 бойлық метрді құрайтын су өткізу желісі су шығаратын насостық станциясымен бірге салынған. Бұдан бөлек, бүгінде Достық станциясындағы Әскерлендірілген теміржол күзеті нысанында АБК ғимараты мен жатақханаға күрделі жөндеу жүргізілуде екен.

2012 жылдан бері «Мөддір бұлақ» бағдарламасын сәтті жүргізіп, сегіз жыл ішінде 524 теміржол станциясы мен разьедедерінде 833 сумен жабдықтау ны-

саны мен көріздерді күрделі жөндеуден өткізіп, бүкіл теміржол бойын таза ауыз сумен қамтамасыз етіп отырған Теміржолсу бұл жұмыстарға 6,8 млрд теңге жұмсаған. Оның 3,6 млрд теңгесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ инвестициясы болса, 2,4 млрд теңге «Теміржолсу» АҚ-ның өз қаржысы, ал 849,9 млн теңге Магистральдық желі дирекциясының салымы болатын. Атап өтерлігі, 2015 жылдан бастап аталған Бағдарлама шаралары кәсіпорын мен ЦКС-тың жеке қаржысынан жүзеге асырылып келеді.

Ал 2018 жылдан бастап «Теміржолсу» АҚ көмір жеткізу бойынша қызметін қайта жандандырды. Биыл Ұлттық компанияның теміржол компанияларына техникалық және тұрмыстық қажеттіліктері үшін 116645 тонна көмірді жеткізіп беру жоспарланған. Осы ретте, тұрмыстық көмір Шұбаркөл Преміум көмір разьеінен тиеліп тасы-малданатын болса, техникалық көмір Майкөбен Компания және Жалын көмір разьеінен жеткізілуде.

– Қазіргі кезде теміржолшыларға арналған тұрмыстық көмірді жеткізіп беру жоспары 93% орындалса, техникалық көмірді жеткізу жоспарының 40% іске асты. Жылу маусымы басталғанға дейін теміржол кәсіпорындары 3 айлық көмір қорымен қамтамасыз етіледі, ал әрі қарай көмір жеткізілімі келісілген кестеге сай жүзеге асатын болады, – дейді «Теміржолсу» АҚ бас директорының өндіріс бойынша орынбасары Еркем Искаков.

– **Еңбектеріңізі жемісті болсын! Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қазалы бекеті
Суретті түсірген автор

ИТОГИ



ЗАДАЧИ – ОБЩИЕ

В филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» состоялось селекторное совещание по итогам комиссионного осмотра под председательством первого заместителя председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Каната Альмагамбетова, в котором в режиме «онлайн» приняли участие все руководители предприятий на линейном уровне.

Надежда НОВИЦКАЯ,
Кокшетау

Зимний период – особенно сложное время в работе железнодорожного транспорта. Расположение Акмолинского отделения ГП на севере страны подвергает суровым испытаниям в холода не только устройства и механизмы, но

и инфраструктуру отделения. Именно поэтому подготовке к работе зимой здесь уделяется особое внимание.

Селекторное совещание в Кокшетау было проведено с участием причастных специалистов в ограниченном количестве с соблюдением всех требований карантинных мер, использованием средств индивидуальной защиты. Новый формат

проведения уже вошел в традицию и позволил провести совещание оперативно.

В ходе подведения итогов осмотра акцент сделан на соблюдении требований безопасности движения поездов, охраны труда, исправности снегоочистительных и снегоборочных машин, обеспечении работников линейного уровня спецодеждой и спецодеждой и обучению перво-зимников.

Кроме того, внимание уделено улучшению условий на рабочих местах, обеспеченности средствами индивидуальной защиты, в том числе защитными масками и перчатками, антисептиками, дезинфицирующими средствами для уборки помещений и поддержания санитарного режима в период пандемии.

О результатах осмотра хозяйства доложил директор филиала Акмолинского отделения грузовых перевозок Айнабек Жукашев. В своем докладе он подробно остановился на вопросах обеспечения стабильной работы железнодорожного транспорта, безопасности движения поездов, охраны труда на рабочих местах и предупреждения производственного травматизма.

